

2. Предоставляет чётко сформулированные уровни достижения.
3. Делает оценивание более понятным для всех участников образовательного процесса
4. Способствует развитию навыков самооценивания.
5. Воспитывает ответственность учащихся за результат своего труда.
6. Способствует росту мотивации к обучению.
7. Повышает качество образования.
8. Оценивание учащихся на каждом этапе урока
9. Самооценка и взаимооценка (работая в паре и/или группе, формируется умение учащихся работать в коллективе, но при этом наблюдается минимальное влияние учителя на итоговую оценку обучения);

На своих занятиях я применяла различные виды оценивания. Для формативного оценивания использовала такие техники оценивания, как: «Три звезды», «Лист самооценивания», «Руки к солнышку». После чего ученики обосновывали своё оценивание. Данная работа вызывала у детей некоторое затруднение потому что у них слабо развит словарный запас. Для себя я сделала вывод, что нужно на каждой уроке нужно применять такие техники оценивания, чтобы развить развитие речи и словарный запас учащихся. На каждом уроке дети знакомились с критериями для оценивания. Так как формативное оценивание подразумевает выявление проблем и внесение изменений в планирование урока, я постоянно наблюдала за детьми, использовала различные виды оценивания:

- ✓ Оценивание групповой работы;
- ✓ Взаимооценивание в парах;
- ✓ Самооценивание.

Но ученики в некоторых случаях завышали себе оценки, не объективно оценивали своих одноклассников.

Мне пока не так легко даётся отслеживать изменение в обучении и развитии каждого ученика, так как не хватает практики и опыта с содержанием обновленной программы. В дальнейшем я собираюсь систематически и целенаправленно отслеживать степень понимания материала каждого ребёнка. Проводя уроки с применением 7 модулей, я видела радость в глазах детей, их оживление и неподдельный интерес. Все учащиеся были активны, даже слабые ученики хотели быть услышаны, стремились выполнить работу как можно лучше, в результате групповой работы повысилось суждение о самозффективности многих учащихся.

Я буду и дальше совершенствовать свою практику, чётко ставить цели, проводить рефлексивный анализ и оценку результатов. Учитель до тех пор сохраняет право учить других, пока он сам учится!

#### **Список литературы:**

1. Методическое пособие. Коллекция стратегий и техник активного преподавания и обучения.
2. Д.А.Ягофаров. Нормативно – правовое обеспечение образования.
3. Методические рекомендации к учебно – методическому комплексу «Королевство трёх языков».

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУ**

Акбасова Гульжан Сапаровна  
Исмагулова Гульшат Хабидуллоевна  
Кужахметова Жулдызай Сайранбековна  
Токжанова Мейрамгуль Умирхановна  
№22 ОМ, Қостанай қ.

### **Аннотация**

Орыс мектептерінде өзге ұлт өкілдері оқушыларының тыңдалым дағдысы нашар қалыптасқан. Жаңа білім беру мазмұнының талаптарына сай мұғалім қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында оқушылардың тыңдалым дағдысын жүйелі түрде дамытуы керек.

Оқушылардың тыңдалым кезінде кездесетін фонетикалық, лексикалық және грамматикалық кедергілерімен таныстыру және практика жүзінде кедергілердің шешу жолдарын көрсету.

### **Аннотация**

В школах с русским языком обучения на уроках казахского языка и литературы слабо развит навык аудирования. С внедрением обновленного содержания образования на уроках казахского языка и литературы учитель систематически должен развивать навык аудирования.

Показать фонетические, лексические, грамматические трудности формирования навыка аудирования у учащихся и на практике показать пути преодоления данных трудностей.

### **Abstract**

At schools with Russian-language Teaching at the lessons of Kazakh language and literature the listening skills is developed poorly. Introduction of the updated content of learning at the lessons of Kazakh language and literature a teacher ought to develop listening skills systematically.

The purpose. show the phonetical, lexical, grammatical difficulties in the formation of listening skills and show the ways of overcoming these difficulties in practice.

**Түйінді сөздер:** тыңдалым, қиындықтар, шешу жолдары, тапсырма, органиайзер

**Ключевые слова:** аудирование, трудности, пути преодоления, задание, органиайзер

**Keywords:** listening skills, difficulties, the ways of overcoming, a task, organaizer

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасы мақсаттарының бірі – түрлі әлеуметтік топтармен тіл табысуға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым орыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндері үшін маңызды дағдыларының бірі болып келеді. Осы дағдылар оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Төрт дағдыларда оқушы тарапынан ең қиыны болып саналатыны- тыңдалым дағдысы. Тыңдалым дағдысы – қабылдаушы дағды. Тыңдалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «Есту арқылы түсіну». Бұл айтылған немесе техникалық ақпараттарға жазылған аудио мәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым. «Тыңдалым кезінде тілді меңгерген тыңдаушы бір немесе бірнеше адам айтқан ауызша ақпаратты қабылдап өңдейді». Өзге тілді аудиторияда тіл үйренушілерге тыңдалымды меңгерту арқылы тілдік қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін дамытып, тіл үйренуге деген қызығушылығын, ынтасын, белсенділігін арттыруға болады.

Тыңдалымның мақсаты:

- тұлғаға қажетті дағдыларды қалыптастыру,
- тілдесімге үйрету;
- психикалық қабілеттерін дамыту;
- қажетті тілдік материалды есте сақтау;
- айтылғанның мағынасын түсіну;
- ақпарат ағымында маңыздысын ажырату;
- есту қабілетінің жадысын дамыту;
- есту қабілетінің сезгіштігін дамыту;

Тыңдалым тапсырмасын орындаған кезінде оқушы келесі қабілеттерін көрсетуі тиіс:

1. Айтушы адамның не туралы айтатынын болжай алуы керек.
2. Таныс емес сөзді түсінуге тырысуы керек.
3. Алдыңғы алған білімдерін негіз ретінде қолдана алуы керек.
4. Айтушы адамның әңгімеге деген көзқарасын түсінуі керек.

5. Интонация мен екпінді түсінуі керек.

6. Айтылымның этикалық жағына мән беруі керек.

Тыңдалым кезіндегі туындайтын қиындықтар мен кедергілер.

Тіл ерекшелігіне байланысты және есте сақтау қабілетімен байланысты кедергілер болады. Тіл ерекшелігіне байланысты фонетикалық, лексикалық, грамматикалық кедергілер болуы мүмкін. [ 2,75]

1. *Фонетикалық кедергілер.* Әр адамның ауыз-қуысының дыбысты шығару ерекшелігіне байланысты өз тембрі, темпіне байланысты тыңдаушы адам дұрыс түсінбеуі мүмкін, сондықтан қазақ тіліндегі материалды әртүрлі адамнан тыңдап үйрену керек. Мысалы, кішкене баланың, ересек ер адамның, әйел адамның дауысымен айтылған ақпаратты жиі тыңдау керек.

2. *Грамматикалық кедергілер.* Орыс тілінде болмайтын, тек қазақ тілінде тұрған грамматикалық формалардың ерекшеліктері өзге ұлт иелерінің қазақ тілін дұрыс түсінбеуіне әкеледі.

*Лексикалық кедергілер.*

Мәтіндегі көп жаңа сөздер түсінуге қиындық туғызады. Сондықтан мәтіндегі ақпаратты қабылдауға дайындығын дамыту қажет және де оны саралай білуі тиіс, бейтаныс сөздердің мағынасын өз бетімен түсінуі тиіс. Айтылған ақпаратты болжай алса, сонда сөздің мағынасы мен формасы біртұтас ұғымды білдіре алады.

Тіл үйренушінің тыңдалған ақпаратты қабылдауы, есте сақтауы мәтін мазмұнының ақпараттылығы мен композициялық құрылымына, сондай-ақ мәтін көлемі мен айтылу уақытына байланысты. Аудиомәтінде негізгі ойды білдіретін фактілер мен дәлелдемелерден тұратын ақпараттың болуы, белгілі бір шешімі бар мәселенің болуы, айтылған ойдың логикалық жүйелілігі және соңында мәтіннің мазмұнын ашатын қорытындының берілуі – мәтіннің әдістемелік талапқа сай екенін көрсетеді. Жалпы мәтіннің мазмұны тіл үйренушіге түсінікті болып, тіл үйренуші оны сөйлеу үдерісінде қолдана білу керек. Мәтіндегі таныс емес сөздер 2 пайыздан аспаған жағдайда, тіл үйренуші оларға назар аудармай, мәтінде айтылуға тиісті негізгі ойды меңгеруге тырысады. Тыңдалымды меңгертумен қатар оны бақылау, бағалау қатар жүріп отырғанда ғана жұмысымыздың нәтижесін көре аламыз. Айтылым – өндіруші дағды. Тілді қабылдап үйренуден гөрі сөйлеу көрініс тауып отырады. Айтылым дегеніміз өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін сөздерді қолдану.

Тыңдалым мен айтылым сөйлеу әрекеттерін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

тыңдауға, мазмұнын түсінуге әр түрлі жанрдағы мәтіндерді ұсыну. *Мысалы, «Қазағымның дәстүрлері-ай» әнін тыңдатып келесі тапсырма ұсынуға болады: Мәтін тақырыбын анықтайды. Мәтіннен 7 салт-дәстүрді анықтайды; анықталған сөздер негізінде мәтіннің тақырыбын болжайды. [ 1,5 ]*

мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау;

тыңдаған мәтін бойынша сұрақтар қою. *Мысалы, Ы Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесіне байланысты сұрақтар:*

1. *Әңгіменің басты кейіпкерлері кім?*

2. *Әңгіменің басты тақырыбы не туралы?*

3. *Таға дегеніміз не?*

4. *Темірші деген кім?*

5. *Әкесі шиені сатып алғаннан кейін бірден баласына неге бермейді?*

6. *Осындай жағдай сенің басыңнан өтті ме?*

мәтін бойынша жоспар құру;

тыңдалған мәтіннің сюжетіне байланысты суреттерді ретімен орналастыру.

Ы Алтынсарин. «Әке мен бала» Суреттерді ретімен орналастыр.

тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;  
мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу;  
мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау;  
мәтіндегі кейіпкерлерді, оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдау. Мысалы,  
*Ы Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесіне байланысты талдау.*

ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;

жоспарланған тақырыптар бойынша пікірталас ұйымдастыру; жұпта ым-ишараны пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу;

берілген тақырып бойынша диалог құру;

тыңдалған мәтіндегі кейіпкерлерге мінездеме немесе қарама-қарсы мінездеме беру:

тыңдалған мәтіннің тақырыбын 1 оқушы сурет салу арқылы топқа ұсынады, топ мүшелері оны табуы тиіс.

мәтіннің тақырыбына байланысты бір сөз айтылады да ассоциативті сөздер қатарымен жалғасады. Соңғы оқушыдан бастап айтылған сөздер кері жолмен еске түсіріліп айтылады. Мысалы, әке - бала-таға - т.б.

әліпбидің барлық әріптерін қолданып, тыңдалған мәтінге байланысты сөздер тізімі айтылады. Мысалы, *Ы Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесі бойынша А- адам, Ә-әке, Б-базар т.б.*

тыңдалған мәтінге байланысты 1 минуттің ішінде сөздерді еске түсіріп айтуы керек.

тыңдалған мәтін бойынша «Реттіліктен не алынған?» атты графикалық органиайзердегі жетіспейтін сөзді айту, Ы Алтынсарин. «Әке мен бала».Графикалық органиайзерді толықтыр.[ 3,78]

тыңдалған мәтін бойынша «Хикая картасы» атты графикалық органиайзерді сабақта қолдануға болады. [ 3,111] Ы Алтынсарин. «Әке мен бала». «Хикая картасы» атты графикалық органиайзерді қолданып сөйлемдер құрастыр.[ 3, 98]

мәтінді тыңдап «Оқиға тізбегі» атты графикалық органиайзер бойынша әңгімені мазмұндау. Мысалы, *Ы Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесіне байланысты талдау жұмысын ұсынуға болады*

Тыңдалым мен айтылым сөйлеу әрекеттерін дамытуға арналған тапсырмаларды орындаудың нәтижесінде оқушылардың бойынан мынадай өзгерістер байқалады: ынтымақтастыққа үйренеді, жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйренеді, өз ойларын еркін жеткізуге үйренеді, өзіне-өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға үйренеді, бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, қорғауға үйренеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1.Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы. Қазақ тілі мен әдебиеті(оқыту қазақ тілінде емес) 5-сынып «Педагогикалық шеберлік орталығы»., Астана,2017

2. Кадырова Г.М.,Калдыбаева Р.Т.,Рсалиева А.М.,Келимбетова Р.Ж. Метода аудирования и пути преодоления фонетических трудностей. Молодой ученый 2014. №1 Казань,с.75-77

3. 2 Қазақ Т2. Мұғалімге арналған үлестірме материалдар. pdf «Педагогикалық шеберлік орталығы»., Астана,2016

## **ЗНАНИЯ И ВОЗМОЖНОСТИ И ВОЗМОЖНОСТИ УЧАЩИХСЯ В ОБНОВЛЕННОМ СОДЕРЖАНИИ ОБРАЗОВАНИЯ**

Арьян Анушик Артуриковна  
КазбаеваСагилаДаулетовна  
Аскарлова МадинаБибулатовна  
ЗСПН№1 п.Затобольск